

“Көбелек гүлді сағынар” атты шығармашылық жоба


Орындаған : Айдынғали Оразгүл
7 а класы

Қарауылкелді ауылы
2013-2014 оқу жылы



Жобаның мақсаты мен міндеті.


- * мен үшін жаңа былғарымен жұмыс технологиясымен танысу**
- * Былғары қалдықтарынан бағалы бұйым жасау.**





Шығармашылық жобаны құру





- Бұйымды таңдау
- Құралдар мен материалдарды дайындау
- Бұйымның жобасын құру
- Бұйымды жасаудың технологиялық бірізділігін жасау
- Бұйымның құнын шығару
- Жобаның сапасы мен күрделілігін бағалау
- Жобаны қорғау





Туындаған проблема
мен қажеттілікті
негіздеу



Мен бірде ғаламторда отырып, былғары қалдықтарынан жасалған картиналардың өте құнды тұратынын көріп, оны өзім жасап көруді ұйғардым. Мен бұл панноны сіңілімнің туған күніне сыйлық ретінде жасағым келді. Ол үшін мен оған ұнайтындай, жасына сәйкес келетіндей модель жасауым керек.



Модельді таңдау



I модель

«Раушан гүлдер»


Маған бұл картина ұнады,
бірақ мен былғарымен
бірінші рет жұмыс
жасайтын болғандықтан
қиындау болып көрінді.





II модель
"Жазғы табиғат" бейнесі

Маған өте ұнады. Бірақ
сіңілімнің жасын ескере
отырып, оның жасына
келетіндей сурет іздеуге
көштім





III модель

“Көбелек” бейнесі

Бұл панно менің сіңілімнің жасына, оның өзінің болмысына дәл келеді деп есептедім. Сіңілім 1 класс оқушысы, оның жасындағы қыз балалардың барлығына да көбелек пен гүлдер ұнайтыны белгілі.



Дайындауға қажетті құрал - жабдықтар



- * қайшы
- Май шам
- Пинцет
- Сызғыш
- Былғары қалдықтары
- “мастер” желімі
- Түрлі - түсті картон
- рамка



Жұмыс орнын дайындау



- жұмыс үстелін дайындау, құралдарды орналастыру
- Былғарыларды дайындау
- Үлгілерді қағаздан дайындау
- Қалдықтарды салатын жәшік дайындау
- Құралдарды ыңғайлы етіп орналастыру
- Жұмыс алдында жұмыс киімін кию
- Міндетті түрде қол сүртетін орамалдың болуы керек





Қауіпсіздік ережесі

- * қайшымен, үшкір құралдармен жұмыс кезінде абай болу керек.
- Май шаммен жұмыс кезінде бөлмені желдетіп тұру керек.
- Ашық отпен жұмыс кезінде мұқият болу қажет.



Технологиялық кезең

- Картоннан көбелектің бөліктерін қиып дайындау
- Трафаретті былғарыға бастырып қиып алу
- Май шаммен қыздыру, белгілі бір формаға келтіру
- Рамканы дайындау
- Фонды жапсыру
- Фонға былғары бөліктерін ретімен жапсыру
- Дайын бұйым.

Өзіндік құнын есептеу


Былғары - өте қымбат зат. Бірақ мен оны сатып алған жоқпын, ол көне сөмкенің, күртешенің, аяқ киімнің қалдықтары. Оған қаражат жұмсалған жоқ.

Желім - 100 теңге

Рама - 450 теңге

Шығын - 550 теңге

Мұндай жұмыстар ғаламторда ең арзаны - 5000 теңге, сондықтан менің жасаған панном шығынын өтеді деп есептеймін.



Сапасын бағалау



- Менің жасаған панном адамдарға өте жағымды әсер қалдыру үшін, оған " **Көбелек гүлді сағынар**" деп атқойдым. Панно өте ұқыпты жасалған.

Мен өзімнің жобамды " **5** " - деген бағаға лайық деп есептеймін.

